



## Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарын атау мен қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 наурыздағы N 200 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес және Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы әкімдіктерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- 1-қосымшаға сәйкес білім беру және мәдениет ұйымдарына есімдер берілсін.
- 2-қосымшаға сәйкес білім беру, мәдениет және спорт ұйымдары қайта аталсын.
3. Осы қаулы ресми түрде алғашқы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      3                      н а у р ы з д а ғ ы

N                      2 0 0                      қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Белгілі қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың,  
жазушылардың, ақындардың, композиторлардың,  
геологтардың, суретшілердің, педагогтардың,  
Кеңес Одағы Батырларының есімдері берілген  
білім беру және мәдениет ұйымдарының  
тізбесі**

Алматы облысы бойынша

Жамбыл ауданының Қызыләскер бастауыш мектебіне - педагог Мәми Әбдіразақтың есімі;

Атырау облысы бойынша



## **Қайта аталатын білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының тізбесі**

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Шымкент қаласының М.Горький атындағы орталық кітапханасы - Абай атындағы  
о р т а л ы қ к і т а п х а н а ;

Түлкібас ауданының Каучук орта мектебі - Қазақстан Республикасының еңбек  
сіңірген мұғалімі Зәки Ғұбайдуллин атындағы орта мектеп;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Петропавл қаласының "Авангард" мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт  
мектебі - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Қазбек  
Байболов атындағы мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі;

Петропавл қаласының В.И.Ленин атындағы N 1 орта жалпы білім беретін  
инновациялық мектебі - академик Мұрат Айтқожин атындағы N 1 орта жалпы білім  
беретін инновациялық мектебі.